

**Хаттама №2**  
**«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің**  
**Қамқоршылық кеңесінің отырысы.**  
**01 наурыз 2018 жыл.**

**Қатысқандар:** Симчук В.Н., Абулхайрова Г.Е., Бертлеуова А.К.,  
Жанабекова С.Ж., Даутов А.К., Джумабекова К.Г., Мохначев А.В.

**Қатыспағандар:**

Абаханова А.А., Дмитриенко Е.А., (себеппен) ауызша келісім.

**Күн тәртібі:**

1. Баланың құқықтары - бала құқықтары туралы.  
Симчук В.Н.
2. "Біздің меценаттар" атты стенд жасау үшін балалар үйінің қайырымдылық шотынан ақшалай қаражат бөлу.  
Даутов А.К.
3. Әр түрлі.

**Отырыстың барысы:**

1. Бірінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы Симчук В.Н. сөйледі. Валерий Николаевич "Нұр Отан" партиясының өкілдерімен бірлесіп ҚК мүшелері балалар үйінің тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізгендеріне тоқталды.

Ол бала – адам - азамат құқығының өмірге келген бірінші секундынан қолданысқа енетіндігін айтты. Баланың ең маңызды құқықтары әлеуметтік және қаржы мәртебесіне, ата-аналар нәсіліне, тұрған орнына қарамастан, оған үйлесімді тұлға болып өсуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Валерий Николаевич балалар үйінде тәрбиеленушілердің азаматтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтары сақталауы үшін барлық жағдай жасалғандығына тоқталды, балалар дені сау, жан-жақты дамыған болып өсіп келеді. Бұдан басқа, кәмелетке толмаған жетімдерге банк шотына ата-анасынан айырылған себепті үкімет тарапынан ақша ауыстырылады. Тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыру өте жақсы жолға қойылған, балалар әр түрлі қосымша үйірмелерге барады, кітапхана, спортзал, компьютерлік сынып мүмкіндіктерін т. б пайдаланады. Балалардың қауіпсіздігі үшін барлық жағдай жасалған бейнекамералар, өрт дабылы орнатылған. Балалар қалалық жалпы білім беретін мектептерде білім алады. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің Құқықтары толығымен қорғалған және сақталады.

2. Екінші сұрақ бойынша "Біздің меценаттар" атты стенд жасау үшін балалар үйінің қайырымдылық шотынан ақшалай қаражат бөлу туралы Даутов А.К. сөз сөйледі. Ол «Ханшаим» мерекелік агенттігі арқылы стенд жасау үшін 130 мың теңге көлемінде қаржы керек екендігін айтты. Айвар Картбаевич ол қаржыны

балалар үйінің қайырымдылық шотынан бөлуді ұсынды.ҚК барлық мүшелері А.К. Даутовтың ұсынысын бірауыздан қолдады.

**Шешімі:**

1. Балалар үйінің қайырымдылық шотынан "Біздің меценаттар" атты стенд жасау үшін жалпы құны 130 мың теңге көлемінде қаржы бөлінсін.

Төрағасы:

 В. Симчук

Хатшысы:

К. Джумабекова